

**Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу
Министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының
департаменті туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 24 маусым N 708. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.01.24. N 88 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының Департаменті туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер - министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 24 маусымдағы
N 708 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және
аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы
Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының Департаменті туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының Департаменті (бұдан әрі - Департамент) министрлік өкілеттігі шегінде құрылыс сапасын бақылау, сондай-ақ республиканың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жүйесі органдары қызметін үйлестіру жөніндегі міндетті дербес жүзеге асырушы өкімет билігінің орталық атқарушы органы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Департамент құрамында облыстар орталықтарындағы, Алматы мен Ленинск қалаларындағы оның аумақтық бөлімшелері кіреді. Департамент қалалық және аудандық әкімшіліктердің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының органдарымен бірлесе отырып мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының бірыңғай жүйесін құрайды.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының органдары өз қызметін

құрылыстар сметаларына енгізілген қаражат есебінен жүзеге асырады.

3. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарын басшылыққа а л а д ы .

4. Департамент өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруда сәулет-қала құрылысы қызметінің субъектілеріне тәуелді емес.

5. Департамент Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 мамырдағы N 485 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың Тәртібіне сәйкес республикадағы құрылыс сапасына бақылауды жүзеге асырады.

6. Департаменттің негізгі міндеттері:

шетелдік инвестицияларды қосқанда, ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына, қаржыландыру көзіне қарамастан, құрылыстың сапасына, объектілердің қайта жаңартылуы мен күрделі жөнделуіне, сондай-ақ құрылысы аяқталған азаматтық-тұрғын үй мақсатындағы объектілерді пайдалануға қабылдау ережелерінің сақталуын іріктеп бақылауды жүзеге асыру;

аймақтарда және тұтас алғанда республика бойынша құрылыс өнімдері сапасының нақты жайына талдау жүргізу;

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы жүйесі органдары қызметін жүзеге асыруға арналған әдіснамалық құжаттамалар әзірлеу;

сәулет-қала құрылысына қатысты заңдылық және нормативтік актілердің ж о б а л а р ы н әзірлеуге қатысу;

іріктеп тексеру нәтижелері бойынша лицензиялардың, сертификаттардың қолданылуын уақытша тоқтату немесе олардың күшін жою қажеттігі туралы хабарлар әзірлеп, тиісінше сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау және құрылыс материалдары мен конструкцияларын сертификаттау органдарына беру.

7. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензияның болуын тексереді;

белгіленген тәртіппен салынып жатқан және қайта жаңартылып жатқан объектілердегі авариялар мен қирау себептерін тексеру жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;

қалалық және аудандық әкімшіліктердің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына әдіснамалық көмек көрсетеді;

Департаменттің облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық бөлімшелері туралы және қалалық және аудандық әкімшіліктердің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдары туралы үлгі ережелерінің жобаларын әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің бекітуіне ұсынады;

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен келісілген Департаменттің аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

"Сейсмикаға қарсы құрылыс" және "Құрылыстағы геодезия" курстары бойынша құрылыс саласының инженер-техник қызметкерлерінің оқуын ұйымдастыруға және оларды аттестациялауға жәрдемдеседі;

конференциялар мен кеңестер шақырады, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен жазбаша хабарласып отырады;

өз қызметін республиканың құқық қорғау, қаржы және басқа да бақылаушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

8. Өзіне жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды жүзеге асыру үшін
Д е п а р т а м е н т т і ң :

өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін салынып жатқан объектілерде кедергісіз болуына жобалау-сметалық, технологиялық және орындаушылық техникалық құжаттамалармен танысуға;

тапсырыс берушілер мен құрылыс ұйымдарынан құрылыс-монтаж жұмыстарының барысына байланысты қажетті мәліметтерді және объектілер мен негізгі қорларды іске қосу жөніндегі есептеу деректерін алуға;

құрылыс ұйымдарының инженер-техник қызметкерлерінде сәулет-қала құрылысы қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялардың, сондай-ақ " Сейсмикаға қарсы құрылыс" және "Құрылыстағы геодезия" курстары бойынша куәліктердің болуын тексеруге;

құрылыс-монтаж ұйымдарының өз бақылауы қызметтері, тапсырыс берушілердің техникалық қадағалауы және жобалау ұйымдарының авторлық қадағалау жұмысының тиімділігіне тексеру жүргізуге;

қолданылып жүрген құрылыс нормалары мен ережелерін бұзудың ашылған кемшіліктерін белгіленген мерзімде жою туралы құрылыс ұйымдары мен тапсырыс жасаушыларға ұйғарымдама беруге;

құрылыс заңдарын және құрылыс пен сәулет саласындағы нормативтік актілер талаптарын өрескел бұзғаны үшін объектілер мен кешендер құрылысын т о қ т а т у ғ а ;

мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар талаптарын бұзу арқылы жасалған, сондай-ақ теріс монтаждау, сақтау немесе тасымалдау салдарынан өзінің сапалық қасиетінен айрылған материалдардың, бұйымдар мен

конструкциялардың салынып жатқан объектілерде қолданылуына тыйым салуға және бұл мәселе жөніндегі белгіленген тәртіппен шара қолдану үшін стандарттау мен метрологияның аумақтық орталықтарына хабарлама жіберуге;

сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын сертификаттау органдарына құрылыс заңдарының, нормативтік актілер мен сертификаттау ережелері талаптарының бұзылғаны үшін сәулет-қала құрылысы қызметі түрлерін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиялардың қолданылуын, өнімге сәйкестік сертификатының қолданылуын және сәйкестік таңбасын пайдалану құқығын уақытша тоқтата тұрудың немесе күшін жоюдың қажеттігі туралы хабарлама жіберуге;

сәулет-қала құрылысы саласындағы заң актілері мен мемлекеттік нормативтерін, сондай-ақ құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау ережелерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарға әкімшілік жолымен ықпал жасау шараларын қолдануға;

құрылыстағы нормативтік актілер талаптарын өрескел бұзушы лауазымды адамдар жөнінде шаралар қолдану үшін материалдарды құқық қорғау органдарына тапсыруға құқығы бар.

9. Департамент бастығын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындап, қызметінен босатады, ал облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық бөлімшелерінің бастықтарын - тиісті облыстар мен қалалар әкімдерімен келісу бойынша Департамент бастығы қызметке тағайындап, қызметінен босатады.

10. Департамент бастығының орынбасарларын Департамент бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметке тағайындап, қызметінен босатады.

11. Департамент бастығы:

Департамент жұмысын жоспарлап, ұйымдастырады және осы Ережеде белгіленген міндеттер мен функцияларды орындау жөніндегі оның қызметіне дербес жауап береді;

өз орынбасарлары мен Департаменттің құрылымдық бөлімшелері арасындағы міндеттерді бөліп береді;

Департаменттің барлық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

Департаменттің құрылымын, шығыстар сметасы мен штаттық кестесін бекітеді;

Департамент қызметкерлерін мадақтау мен жазалау, оларға материалдық көмек беру мәселелерін шешеді;

оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік басқару

органдарында, жергілікті атқару органдарында, ұйымдарда Департаменттің
м ү д д е с і н б і л д і р е д і ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүлікке, қаржы қаражатына иелік етеді,
сенімхат, соның ішінде қайтара сену құқығын береді, банкілерде есеп айырысу
және басқа да шоттар ашады, қаржы тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;
аумақтық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарап, бекітеді.

12. Сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыруға байланысты Департаменттің
қызметіне заңсыз араласқан лауазымды адамдар мен азаматтар заң бойынша
ж а у а п б е р е д і .

Шағымдар мен өтініштер жасау Департамент өкілдері берген ұйғарымдардың
о р ы н д а л у ы н т о қ т а т а а л м а й д ы .

13. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және
о р ы с т і л д е р і н д е ж а з ы л ғ а н м ө р і б о л а д ы .